

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика академиясы
Гигиена-1 кафедрасы

Презентация

Тақырыбы: Қазіргі кездегі өнеркәсіптік қала тұрғындарының
денсаулығы

Орындаған: Жорабекқызы А.

Тобы: 501 б ҚДС

Қабылдаған: .

Шымкент 2016 ж

ЖОСПАР

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер



- Әр түрлі зиянды заттармен атмосфералық ауаның ластануы тыныс алу жолдарының ауруларын туғызады. Өкпенің пәле ауруын тудыратын канцерогендік заттардың ауада кобеюі ерекше қауіпті. Түсті металлургия зауыттарының ауаға шығаратын улы заттары адам ағзасында қантамырлар аурулары, жүйке жүйесінің бұзылуы, мүшелерде қатерлі ісіктердің пайда болуына себепші болады. Шымкент қаласының ауасының ауыр металдармен ластануы қаланың және оның маңындағы ауыл адамдарында неше түрлі созылмалы қауіпті аурулар тудырады. Жыл сайын Қазақстанда тұрғындардың әр түрлі ауруларының саны өсіп келе жатқаны байқалады. Металдар және басқа микроэлементтер қоршаған ортадан тағам өнімдеріне жиі түседі. Олар тек тағаммен ғана емес демалатын ауамен, ас суымен түсуі мүмкін



Бірнеше ауыр металдар (сынап, кадмий, қорғасын) ерекше улы болып саналады. Металдардың тағамдық өнімдерінде кездесу мөлшері 2-3 есе жоғары фондық, ал ШРЕК дан жоғары – жарамсыз. ФАО және ДДСҰ бірлескен комиссиялары тағам өнімдерінің халықаралық саудасының азық-түлік кодексі бойынша бақылауда өнім құрамындағы 8 (сынап, кадмий, қорғасын, мышьяк, мыс, стронций, мырыш, темір) металдың болуын енгізеді. Бұлардан басқа қажетті жеті химиялық элемент: сүрме, никель, хром, алюминий, фтор, йод бақылауға айналған.



- Балалардағы төмен салмақ, аласа бой, есту кемістігі сияқты аурулар қорғасынмен уланудан болады. Қанда қорғасынның шектен тыс көбеюі ақыл кемістігіне әкеліп соғады. Қорғасын қосылыстары ересек адамдарда қан қысымының жоғарылауы, жүйке жүйесінің, бауырдың, бүйректің қызметінің бұзылуына зиянды әсер етеді. Сонымен қатар қорғасынның адамның репродуктиві қызметіне әсері осыдан 100 жыл бұрын белгілі болған. Жүктіліктің 12-14 апталарында қорғасын қосылыстары жиналып, соның салдарынан түсік, тастау, іштей өлі туылуы, жаңа туылған сәбидің жүйкесінің зақымдануы, кемтар баланың дүниеге келуі байқалады. Қорғасын ағзаға түскеннен кейін бірнеше минут өткен соң қан жасушасына қосылып, эритроцитке жабысады, өйкені эритроцитте плазмаға қарағанда 16 есе көп мөлшерде қорғасын сақталады. Сүйек құрамындағы кальций жетіспеушілігіне шалдықтырып, тіс құрамын бұзады.